

Әл – ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫ

Факультеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде
БЕКІТІЛДІ
Факультет деканы
Б.Б. Мейірбаев

№ хаттама " _ " ____2022ж.

SP6309-«Әлеуметтік-мәдени жобалау »
ПӘНІНЕН ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ
7M01105-«Педагогика. Білім берудегі менеджмент» мамандығы
2022-2023 оқу жылы
2 курс

КРЕДИТ САНЫ - 3

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын дайындаған

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к.,
Молдасан Қ.Ш

Кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды.

« __ » _____ 2022ж., хаттама №

Кафедра меңгерушісі _____ Н.С. Әлқожаева

Алғы сөз

Пән бойынша қорытынды емтихан түрі – **жазбаша (offline)**. Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және МӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Офлайн оқыту кезіндегі **жазбаша** емтиханның міндеті - оқу жетістіктерін меңгеруге жоспарланған білімдері мен дағдыларын бағалау болып табылады. Офлайн сұрақтарды әзірлеу критериалды-бағдарлы тұрғысынан қарастырылады.

Сұрақтарды құруда мазмұнды іріктеу кезінде басшылыққа алынатын принциптер: материалдың теориялық маңыздылығы; ғылыми нақтылық; сұрақтың мазмұнының пән бойынша білімдерге, деңгейіне сәйкестігі; репрезентативтілік (бақылау үшін мазмұн элементтерінің толықтығы мен жеткіліктілігі); **жазбаша** емтиханның тапсырмалары мазмұнының білім жүйелілігі талаптарына сәйкестігі; кешенділік және теңгерімділік (негізгі тақырыптардың кешенді көрінісі және негізгі теориялық материалдар мен практикалық іс-әрекет әдістерінің теңдестірілген көрінісі);

Емтихан өткізу ерекшеліктері: емтихан барысында магистрант емтихан сұрақтарына белгіленген кестеге сәйкес, жазбаша жауап береді. Жоғары ажыратымдылықтағы бейнекамералары бар және дыбыс жазылатын аудиториялар мен дәріс залдарында **offline** режимінде өтеді, сондай-ақ емтихан жұмыстарын шифрлау және дешифрлау арқылы жүргізіледі.

Емтиханды өткізу формасы:

СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША.

Емтиханның ұзақтығы *2сағатты* құрайды.

Жазбаша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін автоматты түрде құруды қамтиды. Білім алушыға мәтінді берілген сұрақтар бойынша жазбаша жауап қалыптастыру қажет.

Оқытушы Univer АЖ (univer.kaznu.kz) сұраулығына пән бойынша әзірленген емтихан сұрақтарын жүктейді.

Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

Бірінші блокқа оқыту объектісін білу мен түсінуді бағалайтын когнитивті (білімділік) құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл магистранттардың оқыту аймағындағы алдыңғы қатарлы білімді түсіну мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

Екінші блокқа ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл студенттердің зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

Үшінші блокқа ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда магистранттардың пікірлерді дәлелдеу, эссе жазу қабілеттері бағаланады.

Тапсыру күні мен уақыты: емтихан сессиясының кестесіне сәйкес болады

Емтихан уақыты: 2 сағат

Пән бойынша қорытынды емтихан 15 апталық оқытудан кейін жүргізіледі. Емтихан түрі – **жазбаша**.

Жұмысты тексеру: Емтихан үшін аттестаттау ведомосына балл қою уақыты -72 сағатқа дейін.

Жазылған емтихан нәтижелері 100-баллды жүйеде **Univer жүйесінде** бағаланады.

Дайындалуға арналған тақырыптар:

- 1- тақырып. «Әлеуметтік-мәдени жобалау» пәнінің мақсаты мен міндеттері .
- 2- тақырып. Білім беру парадигмасының талабы.
- 3- тақырып. Жобалаудың мәдени-инновациялық сипаты.
- 4- тақырып. Білім беру ұйымындағы жобалау әрекеттері.
- 5- тақырып. Әлеуметтік-мәдени жобалаудың негізгі ұғымдары.
- 6- тақырып. Әлеуметтік жұмысты жобалаудың технологиясы.
- 7- тақырып. Жобалап оқыту технологиясының білім берудегі рөлі.
- 8- тақырып. Жобалау әрекеттеріндегі көшбасшылық қабілет.
- 9- тақырып. Білім беру мазмұнын жетілдіру туралы жобаның мәні.
- 10- тақырып. Жобалау әрекетіндегі топтық қарым-қатынас.
- 11- тақырып. Жоба барысындағы мұғалімнің педагогикалық шеберлігі.
- 12- тақырып. Жобалаудың теориялық негіздері.
- 13- тақырып. Стратегиялық мақсат қою мен жобалаудың байланысы.
- 14- тақырып. Білім беруді дамыту барысындағы шығармашылық ізденіс.
- 15- тақырып. Білім беру мазмұнының өзгеруіне сай жобалау әрекеті.

Емтиханға дайындығын бағалау, оқыту нәтижесі: Баға қою өлшемдері.

Балл	Жауап мазмұны
95-100 (A) 90-94 (A-) Өте жақсы	1. Емтихан сұрақтарына берілген жауап теориялық тұрғыдан нақты, толық жазылған. 2. Жауаптың мазмұны өзін-өзі тану туралы дұрыс мәлімет береді, практикалық ерекшеліктері сипатталған және толық шешілген. 3.1-2 блок жауаптары теориялық материалдарды жақсы игергендігін білдіреді. 4. Шығармашылық жұмыста қабілеттілігі көрінеді.
85-89 (B+) 80-84 (B) 75-79 (B-) 70-74 (C+) Жақсы	1. Емтихан сұрақтарына берілген жауап тақырыптың мазмұнына қойылатын талаптарға сай келеді. 2. Мазмұнында ашылмай қалған аспектілер бар. 3. Практикалық ерекшеліктері толық сипатталмаған. 4.1-2 блок жауаптары теориялық материалды 80% игергендігін білдіреді.
65-69 (C) 60-64 (C-) 55-59 (D+) 50-54 (D) (Қанағаттанарлық)	1. Жұмыс орындалған, бірақ мазмұны толық ашылмаған. 2. Практикалық ерекшеліктері сипатталмаған. 3. Жауаптары қысқа, қосымша жүйелілікті, ақпараттың қисындылығын талап етеді.
25-49 (FX) 0-24 (F) (Қанағаттанарлықсыз)	1. Емтихан сұрақтары бағдарламаға сәйкес емес. Жұмыс мүлде орындалмаған, теориялық қателер кездеседі. 2. Практикалық жауап мүлде жоқ. 3. Жауапта грамматикалық, терминологиялық қателер бар, логикалық жүйелілік бұзылған.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Мынбаева А.К. Современное образование в фокусе новых педагогических концепций, тенденций и идей: Монография. – Алматы: Раритет, 2005.-90 с
2. Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы және технологиясы. Алматы ,ЖШС РПБК Дәуір, 2011. - 336 бет.
3. Загвязинский В.И. Исследовательская деятельность педагога. М.: Издательский центр «Академия», 2010.–176 с.
4. Колесникова И.А., Горчакова-Сибирская М.П. Педагогическое проектирование.– М.: Издательский центр «Академия», 2005.–288 с.
5. Таубаева Ш.Т. Методология и методы педагогических исследований: учеб. пособие - Алматы : Қазақ ун-ті, 2015. – 213 с.